



**Әкімдіктің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 6 "Әуликөл ауданында 2009 жылға тұрғындардың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 шілдеде № 183 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 тамызда № 9-7-102 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 04-10/234 хаты)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 12.04.2010 № 04-10/234 хаты).**

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабына және Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Әкімдіктің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 6 "Әуликөл ауданында 2009 жылға тұрғындардың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 9-7-90 тіркелген, 2009 жылдың 12 ақпанында "Әуликөл" газетінде жарияланған):

басында және 1-тармақта "бекітуде" және "бекітілсін" сөздері "белгілеуде" және "белгіленсін" сөздерімен алмастырылсын;

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген жұмыспен қамтуға ықпал жасау үшін тұрғындардың нысаналы топтарына кіретін тұлғалардың тізбесі 15-тармақпен "жұмыс берушінің – заңды тұлғаның жойылуына немесе жұмыс берушінің – жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлердің санын немесе штатын қысқартуына байланысты босаған тұлғалар" толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ә у л и е к ө л

ауданының әкімі

Б. Ғаязов

КЕЛІСІЛДІ:

"Әуликөл ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің  
б а с т ы ғ ы

*Оспанов Сұлтанғали Әлмағамбетұлы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК